

«Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық университеті» РММ
Ғылыми кеңесінің шешімінен
БЕКІТІЛДІ

« 23 » 04 2025ж. № 9 хаттама

Ғылыми кеңестің төрағасы
Г.А. Ахмедьяров

Қабылдау шығармашылық емтихандарына қойылатын талаптар
4S02150401 «Хормейстер, оқытушы»
«Хорды дирижерлау»

Мамандық атауы және коды	Біліктілігі	Базасы	Топ
02150400 «Хорды дирижерлау»	4S02150401 «Хормейстер, оқытушы»	9 сынып базасында	Қазақ, орыс

Талапкерге қойылатын талап:

- БММ, БӨМ бітіргені туралы аттестат.

11-сыныптан кейін колледжге түсуші талапкер ақылы негізде оқиды

1. БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

1.1 Мамандық

Мамандық бойынша емтиханында талапкерге келесі талаптар қойылады:

1. фортепианода екі түрлі сипаттағы шығарманы ойнау (полифония, үлкен форма немесе пьеса);
2. есту талдауы;
3. 3. вокалдық қабілеттерін тексеру: екі түрлі сипаттағы вокалдық шығармаларды (әндерді) орындау - а cappella, өзінің сүйемелдеуімен: фортепианода немесе басқа музыкалық аспапта (домбыра, гитара).

1.2 Коллоквиум

Коллоквиум - музыкалық орындау саласындағы білімді тексерудің ауызша нысаны. Сұрақтар:

1. музыкалық мектеп бағдарламасы көлеміндегі музыкалық әдебиетті білу;
2. емтиханда орындалған шығармалар, оның авторлары туралы айта білу;
3. мәдениет және өнер саласындағы жалпы білім.

2. ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

СОЛЬФЕДЖИО (жазбаша және ауызша) - емтихан талаптары БММ бағдарламасы бойынша белгіленеді.

I. Музыкалық диктант:


- Бірдауысты.
- Форма - біртональдік периоді, екі сөйлем, 8 такт.
- Жазу уақыты - 25-30 минут.
- Ойнау саны 8-10.
- Өлшем-ырғақтық қиындықтар - қарапайым өлшемдер, сегіздік нүктемен және он алтылық ырғақты топтар, пунктирлі ырғақ (төрттік нүктемен және сегіздік, сегіздік нүктемен және он алтылық), сегіздік триоль, синкопаның қарапайым түрлері, диктант затактпен немесе онсыз болуы мүмкін;
- Интонациялық қиындықтар - қарапайым интервалдар, диатоникалық және гармоникалық үштондықтар, негізгі үшдыбыстық мен септаккордтардың дыбыстары бойынша қозғалу, хроматизмдердің қарапайым түрлері, диатоникалық секвенциялар.

Мысал:



II. Ауызша емтихан:

1. БММ бағдарламасы бойынша теориялық білімді тексеру.
2. Әндету:
 - Ладтар - мажор және минордың 3 түрі, 5 және 7-сатылы халық ладтар;
 - Интервалдар – қарапайым, үштондар және ерекше;
 - Аккордтар - мажорлық, минорлық және кішірейтілген үшдыбыстықтар айналымдарымен, ұлғайтылған үшдыбыстық негізгі түрде, D7 айналымдармен, KVII₇ және КішVII₇ негізгі түрде;
 - Парақтан бірдауысты нөмірі оқу. Мысал:



3. Есту талдауы:

- интервалдар – қарапайым, үштондар және ерекше;
- аккордтар - мажорлық, минорлық және кішірейтілген үшдыбыстықтар айналымдарымен, ұлғайтылған үшдыбыстық негізгі түрде, D7 айналымдармен, KVII₇ және КішVII₇ негізгі түрде;
- аккордтық тізбек:
шамамен қиындық деңгейі: $T_6 | S^5_3 - D_2 | T_6 - D^4_3 | T^5_3 - S^6_4 | T^5_3 ||$

«Вокалдық өнер және хор дирижерлеу»
ПЦК төрайымы



С.Е. Шанкилова

ПЦК «Музыка теориясының» төрайымы



Н.К. Жолдасова

«Дирижерлеу» кафедрасының меңгерушісі



Г.Б. Аргингазина